

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ
Басқарма төрағасының
2017 ж. «16» қантарғы
№9
бұйырығымен бекітілді

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ-ның қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттары

1. «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ (бұдан әрі – ҚМГ) қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттары «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының, ҚМГ экономикалық қауіпсіздік саясатының талаптарына сәйкес әзірленген және құндылық пен моральдық бағдарлар жүйесін құру арқылы қызметкерлер арасында жемқорлықтың кез келген белгілеріне қатысты төзбеу ахуалына қол жеткізуге бағытталған.

2. ҚМГ қызметкерлеріне мыналар:

2.1. Өздерінің құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру кезінде:

- сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне қарсы тұру, сыбайлас жемқорлықпен байланысты немесе сыбайлас жемқорлық үшін жағдай туғызушы құқық бұзушылықтарға немесе әрекеттерге жол бермеу, сыбайлас жемқорлықтың кез келген фактілерінің жолын кесу;

- сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы шынайы ақпарат бойынша мұндай құқық бұзушылықтың алдын алу және тоқтату жөнінде барлық қажетті шараларды қабылдау;

- өздерінің лауазымдық міндеттерін орындау кезінде заңдылықты сақтау, адалдық, сатылмаушылық және ашықтық қағидаттарына негізделген құқықтық мәдениетті қалыптастыру;

- сыбайлас жемқорлық көріністеріне негізделмеген жария айыптау кезінде мұндай айыптауды анықтаған күннен бастап бір айлық мерзімде оны теріске шығару жөнінде заңмен қарастырылған барлық шараларды қабылдау.

2.2. Өзінің құзыреті шектерінде басқарушылық және өзге шешімдерді дайындау және қабылдау кезінде:

- өзінің іс-қимылдарымен және шешімдерімен жеке және заңды тұлғалардың өздерінің құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыруын қиындататын әкімшілік және өзге кедергілерге жол бермеу. Мұндай фактілерді анықтаған жағдайда оларды жою жөніндегі барлық заңмен қарастырылған шараларды қабылдау;

- ҚМГ-ға экономикалық залалдың алдын алу жөніндегі барлық мүмкіндіктерді пайдалану, жеке мүдделері және үшінші тұлғалардың мүдделері үшін тексерулерге бастама көтеруге жол бермеу;

- өздерінің лауазымдық өкілдіктерін және сонымен байланысты мүмкіндіктерін жеке мүліктік және мүліктік емес пайда табу үшін пайдаланбау;

- мүдделер қақтығысына жол бермеу жөнінде шаралар қабылдау. Мүдделер қақтығыстары пайда болған кезде Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес оның алдын алу және реттеу жөнінде шаралар қабылдау ұсынылады.

2.3. Ішкі құжаттардың жобаларын дайындау кезінде:

- қабылданатын ішкі құжаттардың қызметкерлердің сыбайлас жемқорлық және өзге құқыққа қарсы сипаттағы құқыққа қарсы іс-қимылдар жасауы үшін алғышарттар туғызатын сыбайлас жемқорлық факторларының анықтауға және оларда тиісті алдын алу шараларын көрсетуге талдау мен сараптама жүргізу;

- бұрын қабылданған ішкі құжаттар бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау. Оларда сыбайлас жемқорлық факторларының бар екенін анықтаған жағдайда оларды жою жөнінде шаралар қабылдау.

2.4. Өздерінің міндеттерін жүзеге асыру кезінде пайда болатын өзге өзара қарым-қатынастар кезінде

2.4.1 Басшылар бағынышты қызметкерлеріне қатысты:

- өзінің мінез-құлқымен турашылдық, әділдік, риясыздық, адалдық және сатылмаушылық үлгісі болу;

- кадрлық мәселелерді шешу кезінде меритократия қағидаттарының сақталуын қамтамасыз ету, туыстық, жерлестік және жеке берілгендік белгілері бойынша басымдық көрсетпеу;

- олардың қызметінің нәтижелерін бағалау, сондай-ақ көтермелеу және жазалау шараларын қолдану кезінде әділеттілік пен объективтілік көрсету;

- қызметтік емес сипаттағы мәселелерді шешу кезінде олардың қызметіне ықпал ету үшін қызметтік жағдайын пайдаланбау;

- құқыққа қарсы әрекеттер, сондай-ақ жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормалармен сыйыспайтын әрекеттер жасауға мәжбүрlemeу ұсынылады.

2.4.2. Бағынышты қызметкерлерге басшыларымен қарым-қатыстарда:

- тапсырмаларды орындау кезінде тек объективті және шынайы мәліметтерді тапсыру, оларға белгілі болған басқа қызметкерлердің, контрагенттердің немесе өзге тұлғалардың іс-қимылдарындағы сыбайлас жемқорлық оқиғалары туралы басшылықты дереу хабардар ету;

- басшылыққа қатысты жеке берілгендік көріністеріне, олардың лауазымдық мүмкіндіктері есебінен пайда мен басымдықтар алуға ұмтылушылыққа жол бермеу ұсынылады.

3. ҚМГ қызметкерлеріне Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген:

- Қазақстан Республикасының заңнамасымен шектелген қызметті жүзеге асыру;

- жақын туыстардың, ерлі-зайыптылардың, жекжаттардың бірлескен қызметтеріне (жұмыстарына) рұқсат етілмеушілік;

- ресми таратуға жатпайтын қызметтік және өзге ақпаратты мүліктік және мүліктік емес ишіліктер мен басымдықтар алу мақсатында пайдалану;

- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметтік өкілеттіктерін орындаумен байланысты сыйлықтар қабылдау жөніндегі барлық шектеулер мен тыйымдарды сақтауға ұсынылады.